

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Риддер қаласында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Риддер қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 20 шілдедегі № 418 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № 708 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 қарашада № 7838 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 10) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Риддер қаласының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 10 қарашадағы № 34 ұсынысының негізінде, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Риддер қаласының Поперечное ауылы аумағында ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін ірі қара малдың бруцеллез ошақтарының жойылуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. "Риддер қаласында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Риддер қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 20 шілдедегі № 418 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7409 тіркелген, 2020 жылғы 29 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Риддер қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Риддер қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Риддер қаласы әкімінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК